Педагогикалық кеңестің №4 хаттамасы
Мерзімі: 24 наурыз 2023 ж.

Төрайымы: Пак Р.В.
Хатшысы: Артыкова И.Х.

Қатысқандар саны: 81
Қатыспағандар — жоқ
Тақырыбы: Табысты мұғалім - табысты оқушы.

Күн тәртібі:

1. а) 2022-2023 оқу жылының 3-тоқсан бойынша оқушылардың үлгерім қорытындысы.
   ә) „Табысты мұғалім - табысты оқушы" тақырыбында баяндама (Артыкова И.Х. мен Чепелева Н.В.)
2. ICILS халықаралық зерттеуінің жалпы ережелері (компьютерлік ақпараттық сауаттылық) ICILS-ге дайындық бойынша атқарылған жұмыстар туралы есеп. (Дурсунов З.М.)
3. Үш пән бойынша (орыс тілі, математика, ағылшын тілі) мемлекеттік мектеп аттестациясына дайындық туралы. (Ердесова Р.Б., Юсуфалиев С.Б., Нурлыбекова Л.К.)
4. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары туралы (Рожкова Т.И.)
5. Вирусты гепатит пен желшешектің алдын алу шаралары туралы (Бекбауова М.А.)

1. Тыңдалды: 2022-2023 оқу жылының 3-тоқсан бойынша оқушылардың үлгерім қорытындысы.
Сөйлеген: оқу-тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары Артыкова И.Х.
Ол педагогикалық ұжымды 3-тоқсан бойынша оқушылардың үлгерімінің қорытындысымен таныстырды.

3-тоқсан басында 970 оқушы оқыса, тоқсан барысында 12 оқушы келді, 14 оқушы кетті. 3-тоқсанның қорытындысы бойынша 968 оқушы білім алуда.

Мектеп бойынша 3-тоқсан соңында оқушылардың үлгерімі нәтижесі келесідей болды:

жалпы оқушы саны: 968
үздіктер: 146
екпінділер: 385
үлгерімі орташа: 314
үлгерімі төмен: 2
білім сапасы: 68,22%
үлгерімі: 100%
орташа балл: 4,18

(3-тоқсан нәтижесі бойынша қорытынды есебінің толық нұсқасы хаттамаға қоса берілген)

1. ә) Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.В. Чепелева „Табысты мұғалім - табысты оқушы" тақырыбында баяндама оқыды.

„Жақсы мұғалім мектепке жан кіргізеді" - деп қазақ зиялысы Ахмет Байтұрсынұлы айтып кеткендей, жақсы мұғалім ең алдымен оқушының ішкі жан дүниесін жақсы түсіне білуге міндетті. Содан соң, жекелеген оқушылардың пәнді жете түсінуін, өзін бағалай алуын және оқушы өзінің оқуы үшін жауапты болу керектігін үйрету қажет.

(баяндама хаттамаға қоса берілген)

2. Тыңдалды: ICILS халықаралық зерттеуінің жалпы ережелері (компьютерлік ақпараттық сауаттылық) ICILS-ге дайындық бойынша атқарылған жұмыстар туралы есеп.

Сөйледі: информатика пәнінің мұғалімі Дурсунов З.М.

Ол мұғалімдерді ICILS-ке дайындық барысымен таныстырды.

Осы жылы мектебіміздің 8 „А" с. оқушылары компьютерлік және ақпараттық сауаттылық бойынша тест тапсырды. Дайындық төмендегідей жүргізілді:
1. 13.03.23 - Электронды почта ашу; 80%
2 14.03.23 - Excel эл. кестеде жұмыс ж. 70%
3 15.03.23 - Word мәтіндік редакторда жұм. ж. 75%
4 16.03.23 - Комп-де папка, файл. ашу жолд. 80%
5 17.03.23 - Word мәтіндік редакторда жұм. жас. 75%
3 Тыңдалды: Үш пән бойынша (орыс тілі, математика, ағылшын тілі) мемлекеттік мектеп аттестациясына дайындық туралы
Сөйледі: Ердесова Р.Б. инновация жөніндегі директордың орынбасары. Ол мектептің мемлекеттік аттестациясына дайындық барысы туралы ақпарат берді.
Жалпы ережелер
Осы білім беру ұйымдарын бағалау критерийлері (бұдан әрі -олшемдер) оларды іске асыруда пайдалану мақсатында „Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 21-2 тармақшасына сәйкес әзірленген.
Осы критерийлерде мынадай терминдер пайдаланылады:
1) білім беру ұйымдарының бағалау критерийлері
2) білім беру бағдарламасы
3) кешенді тестілеу
4) оқыту нәтижелері
5) оқу жоспары
6) оқу жоспары - оқу пәндерінің және модульдердің тізбесін, реттілігін, көлемін, кәсіптік практиканың, тиісті білім беру деңгейіндегі білім алушылардың оқу қызметінің өзге де түрлерін және бақылау нысанын реттейтін құжат. (баяндама хаттамаға қоса берілген)

4. Тыңдалды: Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары туралы
Сөйлеген: Кожкова Т.И. тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары ол дайындаған баяндамасын пед. ұжымға оқыды.
Қазіргі қоғамдағы кәмелетке толмаған қылмыскерлер мәселесі ең күрделі және даулы мәселелердің бірі болып табылады. Құқықбұзушылық - адамның заң ережелеріне қайшы келетін, басқаларға зиян келтіретін және заңды жауапкершілікке әкеп соғатын кінәлі мінез-құлқы. (баяндама хаттамаға қоса берілген)
5. Тыңдалды: Вирусты гепатит пен желшешектің алдын алу шаралары туралы
Сөйледі: мектеп дәрігері Бекбауова М.А. Ол мұғалімдерді вирустық гепатит пен шешек ауруының алдын алу және шараларымен таныстырды
Вирусты гепатит А
А гепатиті негізінен су және ас қорыту жолдары арқылы беріледі. Кейбір жағдайларда тұрмыстық заттарды, ыдыстарды пайдаланған кезде тұрмыстық байланыс арқылы жұқтыру мүмкін. „А" вирусты гепатитінің инкубациялық кезеңі 3-4 апта.
Созылмалы вирусты В және С гепатиті ремиссиядағы 14 жасқа дейінгі балалар. Вакцинация 6 ай аралықпен 2 рет жүргізіледі. т.б.
Желшешек. Ауру негізінен ауа тамшылары арқылы таралады.
Шағымдары - температураның жоғарылауы; - бөртпелердің пайда болуы (баяндама хаттамаға қоса берілген)

Қаулы етті:

1. Пән мұғалімдері оқушылардың білім сапасын арттыру жұмыстарын жалғастырсын және 7 „А", 8 „А" сыныптарында білім сапасын арттыру жұмыстары күшейтілсін.
2. 8-сыныпта жұмыс істейтін мұғалімдер ICILS-ге дайындық жұмыстарын жалғастырсын.
3. Мектептің мемлекеттік аттестациясына дайындық жұмыстарын бастау, барлық ақпаратты мектептің ресми сайтында орналастырылсын.
4. Сынып жетекшілері кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары бойынша жүйелі жұмыс жүргізсін.
5. Мұғалімдер мен оқушылар арасында вирустық гепатит пен шешек ауруына қарсы қауіпсіздік ережелері мен сақтық шаралары сақталсын.

Төрағасы: Пак Р.В.
Хатшы: Артыкова И.Х.